# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жыл 07 қазан №5265-24-00-2/3090 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.М.Қонысбаева., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
Дара кәсіпкер «Әбибұлла» Әбибұлла Гүлбану Есенбайқызы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Әбибұлла» Әбибұлла Гүлбану Есенбайқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Әбибұлла» Әбибұлла Гүлбану Есенбайқызынан Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 4 901 (төрт мың тоғыз

Құжатқа қол қойылған: Қонысбаева Д. М., 07.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.11.2024, судья Қонысбаева Д. М., 29.11.2024
5265-24-3-1/3271

жүз бір) теңге тұрақсыздық айыппұл және 147 (жүз қырық жеті) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысы өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Әбибұлла» Әбибұлла Гүлбану Есенбайқызынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **Д.М.Қонысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.11.2024, судья Конысбаева Д. М., 29.11.2024

5265-24-3-1/3271